

**Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 282-VI "Атырау облысы бойынша 2019-2021 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастардың тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 27 тамыздағы № 353-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қыркүйекте № 4492 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 1 тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 "Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12353 болып тіркелген) бұйрығына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, VI шақырылған Атырау облыстық мәслихатының кезекті XXXIV сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 282-VI "Атырау облысы бойынша 2019-2021 жылдары субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастардың тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4299 тіркелген, 2018 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің № 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихатының бюджет, қаржы, экономика және өңірлік даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (І. Баймұқанов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Мәслихат хатшысы*

*І. Баймұханов  
Ө. Зинуллин*

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы  
27 тамыздағы № 353-VI шешіміне қосымша

**Атырау облысы бойынша ауданаралық (қалааралық облысшілік) автомобиль қатынастардың тізбесі**

№ п/п	Маршрут атауы (Маршрут түрі (Маршрут атауы) маршрут нөмірі)	Әдістемеге сәйкес 1 жолаушыға анықталған тариф	1 жолаушыға ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф	Нақты және ұсынылатын тарифтер айырмашылығы	Әлеуметтік мәні бар қатынастарды 3 жылға болжамдалатын жылдарға бөлінген субсидиялау көлемі				
					2019	2020	2021	жиыны	
1	2	3	4	5	6	7			
1	№129	Атырау-Кұлсары	2949	2000	949	200 884 320	200 884 320	200 884 320	602 652 960
2	№110	Атырау-Индер	1952	1000	952	34 272 000	34 272 000	34 272 000	102 816 000
3	№ 104	Атырау-Махамбет	1274	500	774	27 864 000	27 864 000	27 864 000	83 592 000
4	№ 96	Атырау-Құрманғазы	2998	2000	998	70 418 880	70 418 880	70 418 880	211 256 640
5	№ 86	Атырау-Миялы	3072	2000	1072	75 640 320	75 640 320	75 640 320	226 920 960
6	№ 133	Атырау-Мақат	1537	800	737	52 002 720	52 002 720	52 002 720	156 008 160
7	№ 98	Атырау-Аққыстау	1238	600	638	22 968 000	22 968 000	22 968 000	68 904 000

Басқарма басшысы  
Бас есепші

Ә. Оразғалиев  
Е. Сарсенғалиев